

Ресей Федерациясынан Қырғыз Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Кобальт-60 радионуклиді бар жабық үлгідегі гамма-сәулелену көздерінің транзитіне рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 4 тамыз N 1200

"Қару-жараққа, әскери техникаға және екіұдай мақсаттағы өнімге экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009_ Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 P991143_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ресей Федерациясынан Қырғыз Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы 1-қосымшаға сәйкес санда 1998 жылғы 9 сәуірдегі N 09/02/98; 1998 жылғы 6 мамырдағы N 16/02/98 келісім-шарттарға сәйкес Онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты (Бішкек қаласы, Қырғыз Республикасы) үшін "Изотоп" бүкіл аймақтық бірлестігі" мемлекеттік бірыңғай кәсіпорыны (Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы) беретін "Агат-С" және "Агат-ВЗ" үлгілі гамма-терапевтік аппараттарда пайдалануға арналған Кобальт-60 радионуклиді бар жабық үлгідегі гамма-сәулелену көздерінің транзитіне рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі " Достастыққа қатысушы мемлекеттердің темір жол көлігі жөніндегі кеңестің 1996 жылғы 5 сәуірдегі 15 отырысында бекітілген Қауіпті жүктерді тасымалдаудың ережесіне" және басқа да нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес қауіпсіздіктің ерекше шараларын сақтай отырып, 2-қосымшаға сәйкес қозғалыс бағыты бойынша жүкті Қазақстан Республикасының аумағы бойынша темір жол көлігімен транзиттік тасымалдауды жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен Кобальт-60 радионуклиді бар жабық үлгідегі гамма-сәулелену көздерінің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 4 тамыздағы
N 1200 қаулысына
1-қосымша

Қырғыз Республикасының Онкология және радиология
ғылыми-зерттеу институты үшін "Изотоп" бүкіл аймақтық бірлестігі"
мемлекеттік бірыңғай кәсіпорыны беретін тауарлардың саны

р/с! Көздердің үлгісі ! Саны ! АҚШ ! Жиынтық ! СЭЖ ТН
N ! ! дана ! долларымен! белсенділігі! коды
! ! ! бағасы ! Ки-ден артық!
! ! ! ! емес !

1. ГИК-8-4 үлгілі Кобальт-60 1 19400 5135.0 284440900
көздері (09.04.98.
N 09/02/98 келісім-шарт)

2. ГИК-К-10 үлгілі Кобальт-60 7 8450 3.0 284440900
көздері (06.05.98.
N 16/02/98 келісім-шарт)

Жиыны 8 27850 5138.0

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 4 тамыздағы
N 1200 қаулысына
2-қосымша

2000 жылы беруге арналған Кобальт-60 радионуклиді бар
жабық үлгідегі гамма-сәулелену көздері қозғалысының
бағдары

Кобальт-60 радионуклиді бар жабық үлгідегі гамма-сәулелену көздерінің
қозғалысы мына бағыт бойынша жүзеге асырылады:

Ресей Федерациясының аумағы бойынша қозғалу станциялары:
Ногинск-Орынбор-Елек-1 (Қазақстан Республикасының аумағына шекарадан өту).
Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қозғалыс станциялары:

Жайсаң-Ақтөбе-Жамбыл-Луговая.

Қайыңды-Бішкек (Қырғыз Республикасы) ст. дейін.

Алушы: Онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты (Бішкек қаласы, Қырғыз Республикасы).

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК